

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылға арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 маусымдағы № 307 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 шілдеде № 23372 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылға арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) арасында бөлу бекітілсін.

2. ЖЖОКБҰ-ның ректорлары Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын студенттер мен магистранттарға ЖЖОКБҰ-ның ғылыми кеңестері шешімдерінің негізінде тағайындасын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы және мемлекеттік сатып алу департаменті көрсетілген стипендияны 1 қаңтардан бастап тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде төлеуді жүзеге асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік етуші Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 29 маусымдағы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылға арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу

№	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы	Стипендия	
		студентам	магистрантам
1.	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	100	2
2.	"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	55	1
3.	"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	105	2
4.	"Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	5	
5.	"Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	16	
6.	"Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	3	
7.	"С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	33	
8.	"Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	27	
9.	"Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7	
10.	"Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	27	
11.	"Қарағанды индустриалды университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	5	
12.	"Қарағанды техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	17	
13.	"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	55	1
14.	"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10	
15.	"А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	29	
16.	"Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	18	
17.	"Павлодар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	18	
18.	"Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	24	
19.	"Рудный индустриалды институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	3	

20	"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	31	
21	"М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	75	
22	"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	67	1
23	"Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	30	
24	"Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	6	
25	"Нархоз университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	8	
26	"Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	9	
27	"Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	37	
28	"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті" мекемесі	4	
29	"Азаматтық Авиация Академиясы" акционерлік қоғамы	7	
30	"Абылай хан атындағы Қазақ әлем тілдері және халықаралық қатынастар университеті" акционерлік қоғамы	20	
31	"КИМЭП" Университеті" акционерлік қоғамы	23	
32	"Алматы Менеджмент Университеті" білім беру мекемесі	8	
33	"Сүлеймен Демирель атындағы университеті" мекемесі	13	
34	"Қазақтұтынуодағы Қарағанды университеті" жеке меншік мекемесі	9	
35	"Халықаралық бизнес университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	
Барлығы		919	7